

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

The article describes the efficiency of the use of new information technologies in the teaching of the Kazakh language. The author analyzes effectiveness of the use of information and innovative technologies at the lessons.

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгүрттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» - деген еді.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, істеген ісіне тұжырым Мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологиялардың тиімді жолдарын іздестіру жалғасуда. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, сабақта пікір таластырып, өз ойларын ортаға емін –еркін сала отырып, ашық айтуының да маңызы зор. Оқушылармен шығармашылық бағытта жұмыс жасаудың ұтымды жағы:

1. Бала оқулық көлемінен шығып ойланады.
2. Ойлағаны мен оқығанын саралап, салыстыра біледі.
3. Көпшілік алдында шығармашылық жұмысын қорғап, пікір айта біледі.
4. Оқуға, білімге, ғылымға қызығушылығы артып, одан әрі дами береді.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімді болуына негізгі пәндерді игеріп, сапалы білім алып, сауатты да қабілетті азамат болып шығуына ұстаздар жауапты. Олай болса мұғалім үздіксіз білім жетілдіріп, ізденіспен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы адам қоғамының барлық саласына еркін кіріп, байланыстың аймағын кеңейтуде.

Қорыта келгенде инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артатыны анық. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.